

Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болатын аурулардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 сәуірде № 34307 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 10-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болып табылатын аурулардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Альназарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 26 сәуірдегі
№ 15 бұйрығына
қосымша

Дактилоскопиялық тіркеуден өтуден босатуға негіз болатын аурулардың тізбесі

--	--	--

Р/н №	Аурулардың атаулары	АХЖ-10 коды бойынша
1	Терінің гипертрофиялық өзгерістері	L91
2	Келоидты тыртық	L91.0
3	Терінің басқа гипертрофиялық өзгерістері	L91.8
4	Терінің анықталмаған гипертрофиялық өзгерістері	L91.9
5	Тері мен тері асты шелмайының гранулемалық өзгерістері	L92
6	Басқа айдарларда жіктелмеген липоидты некробиоз	L92.1
7	Тері мен тері асты шелмайының бөгде дене тудырған гранулемасы	L92.3
8	Тері мен тері асты шелмайының басқа гранулемалық өзгерістері	L92.8
9	Тері мен тері асты шелмайының анықталмаған гранулемалық өзгерістері	L92.9
10	Дәнекер тіннің бір орында орналасқан басқа өзгерістері	L94
11	Терінің белгілі орында орныкқан қатаюы (morphea)	L94.0
12	Терінің желі бойымен қатаюы	L94.1
13	Терінің әктенуі	L94.2
14	Склеродактилия	L94.3
15	Готтрона папулалары	L94.4
16	Тамырлық атрофиялық пойкилодермия	L94.5
17	Аньюм (өздігінен болған дактилолиз)	L94.6
18	Дәнекер тіннің бір орында орныкқан анықталған басқа өзгерістері	L94.8
19	Дәнекер тіннің бір орында орныкқан анықталмаған өзгерістері	L94.9
20	Басқа айдарларда жіктелмеген, терімен шектелген васкулит	L95
21	Мәрмәр терісінің васкулиті	L95.0
22	Терінің көтеріңкі, табанды қызаруы	L95.1
23	Басқа васкулиттің терімен шектелген қабынулары	L95.8
24	Анықталмаған васкулиттің терімен шектелген қабынуы	L95.9

25	Басқа айдарларда жіктелмеген тері мен тері асты шелмайының басқа аурулары	L98
26	Серопозитивті ревматоидтық артрит	M05
27	Ревматоидты басқа артриттер	M06
28	Псориаздық және энтеропатия салдары артропатиялар	M07
29	Саусақтың (тар) деформациялары	M20.0
30	Басқа некроздаушы васкулопатиялар	M31
31	Жүйелі қызыл жегі	M32
32	Дерматополимиозит	M33
33	Жүйелі беріштену	M34
34	Үдемелі жүйелі беріштену	M34.0
35	Дәнекер тіннің басқа жүйелі зақымдануы	M35
36	Сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тіннің жүре пайда болған басқа деформациялары	M95
37	Қол ұшының туа біткен деформациясы	Q68.1
38	Қол ұшы мен мен білектің туғаннан болмауы	Q 71.2
39	Қол ұшы мен саусақтың (тардың) туғаннан болмауы	Q 71.3
40	Білезік пен қол ұшының жарақаттық ампутациясы	S68
41	Қол ұшының білезік деңгейіндегі жарақаттық ампутациясы	S68.4
42	Білезік пен қол ұшының басқа бөліктерінің жарақаттық ампутациясы	S68.8
43	Білезік пен қол ұшының анықталмаған деңгейіндегі жарақаттық ампутациясы	S68.9
44	Білезік пен қол ұшының басқа және анықталмаған жарақаттары	S69
45	Білезік пен қол ұшының көптеген жарақаттары	S69.7
46	Білезік пен қол ұшының басқа анықталған жарақаттары	S69.8
47	Білезік пен қол ұшының анықталмаған жарақаты	S69.9
48	Білезік пен қол ұшының термиялық және химиялық күйіктері	T23

49	Тіндер некрозы қабаттасқан білезік аймағы мен қол ұшының үсуі	T34.5
50	Саусақтың (тардың) бір жақты, жүре пайда болған жоқтығы, үлкен бармақтың қоса алғанда	Z89.0
51	Білезік пен қол ұшының жүре пайда болған жоқтығы	Z89.1
52	Қолдың білезіктен жоғары жүре пайда болған жоқтығы	Z89.2
53	Екі қолдың жүре пайда болған (кез келген деңгейде) жоқтығы	Z89.3

***АХЖ -10 – Аурулардың халықаралық жіктемесі**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК